

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

29.09.2023 ж.

Қатысқандар: комиссия төрағасы:

Сарсенов Б.Т. – PhD, аға оқытушы.

Комиссия мүшелері:

1. К.Ж.Назарова – ф.-м.ғ.к., доцент;
2. Е.Д. Тлеукеев – аға оқытушы;
3. Ш.Р. Курбанбеков – PhD, доцент;
4. Ш.Ж.Раманкулов – PhD, доцент;
5. Г.Ж.Тұрметова – техн.ғ.к., доцент м.а.;
6. Б.Б.Тойжигитова – PhD, аға оқытушы;
7. Н.Н. Салыбекова – PhD, аға оқытушы;
8. Ә.Т.Мейірбеков – техн.ғ.к., профессор;
9. Б.С.Абжалов – х.ғ.к., доцент;
10. Ш.М.Беласарова – аға оқытушы;
11. Ә.Қ. Аханова – докторант;
12. Г.Т.Ибадулла – магистрант;
13. Д.Б.Сатенхан – студент;
14. Ж.А.Тлеубергенова – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

Шақырылғандар:

1. Ж.Н.Исабеков – Факультет деканы;
2. Г.И.Исаев – Биология кафедрасының меңгерушісі;
3. Р.Н.Нұрділлаева – Экология және химия кафедрасының меңгерушісі;
4. М.Д.Кошанова – Математика кафедрасының меңгерушісі;
5. Б.Ж.Сеитов – Физика кафедрасының меңгерушісі;
6. А.Бостанова – Академиялық департамент бастығы.

Хатшы: Полатұлы Серік – оқытушы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Комиссияның 2023-2024 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсыну;
2. ББ мерзімді жаңартылуын, ЖББП Реестрінде тіркелуін және мазмұны мен құрылымы талаптарға сәйкес рәсімделуіне мониторинг жүргізу;
3. ББ Педагог және оқытушы кадрлармен, тәлімгерлермен жасақталуына мониторинг жүргізу;
4. Қыркүйек айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

Тыңдалды: Факультет деканы Ж.Н.Исабеков: 2023-2024 жаңа оқу жылдарыңызбен! 2023-2024 оқу жылына факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның төрағасы мен құрамы бекітілді. Төрағасы болып Математика кафедрасының аға оқытушысы Сарсенов Бакытбек Темирбекович тағайындалды. Комиссияның хатшысы ретінде Физика кафедрасының оқытушысы С.Полатұлын тағайындадық, комиссияның мүшелеріне келер болсақ:

1. К.Ж.Назарова – ф.-м.ғ.к., доцент;
2. Е.Д. Тлеукеев – аға оқытушы;
3. Ш.Р. Курбанбеков – PhD, доцент;
4. Ш.Ж.Раманкулов – PhD, доцент;
5. Г.Ж.Тұрметова – техн.ғ.к., доцент м.а.;
6. Б.Б.Тойжигитова – PhD, аға оқытушы;
7. Н.Н. Салыбекова – PhD, аға оқытушы;
8. Ә.Т.Мейірбеков – техн.ғ.к., профессор;
9. Б.С.Абжалов – х.ғ.к., доцент;
10. Ш.М.Беласарова – аға оқытушы;
11. Ә.Қ. Аханова – докторант;
12. Г.Т.Ибадулла – магистрант;
13. Д.Б.Сатенхан – студент;
14. Ж.А.Тлеубергенова – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

Факультет деканы комиссия мүшелерін таныстра отырып, мәжілісіті жүргізу үшін комиссия төрағасы Б.Т.Сарсеновке сөз берді.

Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Б.Т.Сарсенов күн тәртібіндегі бірінші мәселе 2023-2024 оқу жылына факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жылдық жоспарын талқылап, бекітуге ұсыну бойынша баяндама жасады. Кестеде келтірілген жылдық жоспарды ұсынды. (1 Қосымшада көрсетілген). 2023-2024 оқу жылына факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жылдық жоспарын мүшелер бір ауыздан қолдады және бекітуге ұсынды

Шешім: 2023-2024 оқу жылына факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жылдық жоспары бекітілсін.

Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Б.Т.Сарсенов: Күн тәртібіндегі екінші мәселе ББ мерзімді жаңартылуын, ЖББП Реестрінде тіркелуін және мазмұны мен құрылымы талаптарға сәйкес рәсімделуі бойынша тексеру жүргізу. Тексеру нәтижесіне келер болсақ Жаратылыстану ғылымдары факультетінде 25 білім беру бағдарламалары қаралды.

Олар:

№	Білім беру бағдарламаларының топтарының атауы	Білім беру бағдарламасының коды, атауы	Жауапты кафедралар
1.	В009 Математика мұғалімдерін даярлау	6В01509 Математика	Математика кафедрасы
2.	В055 Математика және статистика	6В05449 Математика	
3.	В011 Информатика мұғалімдерін даярлау	6В01573 Информатика, АКТ және робототехника	
4.	М010 Математика педагогтерін даярлау	7М01547 Математика	

5.	М012 Информатика педагогтерін даярлау	7М01557 Информатика	
6.	М092 Математика және статистика	7М05426 Математика	
7.	Д010 Математика педагогтерін даярлау	8Д01502 Математика	
8.	Д012 Информатика педагогтерін даярлау	8Д01516 Информатика	
9.	Д094 Ақпараттық технология лар	8Д06109 Математикалық және компьютерлік моделдеу	
10.	В010 Физика мұғалімдерін даярлау	6В01510 Физика	Физика кафедрасы
11.	В054 Физика	6В05348 Физика	
12.	М011 Физика педагогтерін даярлау	7М01506 Физика	
13.	М090 Физика	7М05325 Физика	
14.	Д011 Физика педагогтерін даярлау	8Д01503 Физика	
15.	В012 Химия мұғалімдерін даярлау	6В01512 Химия	Экология және химия кафедрасы
16.		6В01562 Химия-Биология	
17.	В014 География мұғалімдерін даярлау	6В01514 География	
18.	В051 Қоршаған орта	6В05247 Экология	
19.	М013 Химия педагогтерін даярлау	7М01535 Химия	
20.	М089 Химия	7М05324 Химия	
21.	М087 Қоршаған ортаны қорғау технологиясы	7М05223 Экология	
22.	В013 Биология мұғалімдерін даярлау	6В01513 Биология	Биология кафедрасы
23.	В050 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	6В05146 Биология	
24.		6В05169 Биотехнология	
25.	М014 Биология педагогтерін даярлау	7М01507 Биология	

2023-2024 оқу жылына әзірленген білім беру бағдарламасын жаңартудың басты себебі: білімді, бәсекеге қабілетті және ұлтжандылыққа тәрбиеленген мамандар дайындау мақсатында білім беру қызметтерінің сапасын үнемі жақсарту. Білім беру бағдарламасы - еліміздің экономикасының еңбек нарығында өркендеп даму мүмкіншіліктері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу.

Тексерілген бағдарламаларда жұмыс берушілер тарапынан ұсынылған пәндер қосылған, ББ-лардың мерзімді жаңартылғаны, ЖББП Реестрінде уақытылы тіркелгені және мазмұны мен құрылымы талаптарға сәйкес рәсімделгені анықталды.

Шешім: Факультетте іске асырылатын, ЖББП Реестрінде тіркелген, ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына және басқа да сыртқы және ішкі нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес екендігі назарға алынсын және сараптамадан өткен ББ негізінде бекітілуге ұсынылсын.

Комиссия мүшесі К.Ж.Назарова күн тәртібіндегі үшінші мәселе ББ Педагог және оқытушы кадрлармен, тәлімгерлермен жасақталу бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады:

2023-2024 оқу жылына ББ Педагог және оқытушы кадрлармен, тәлімгерлермен жасақталуына талаптарға сәйкестігі «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан

Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығының 1 қосымшасы сәйкес анықталды. "Ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежесі бар кемінде екі маманның; немесе "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежесі бар кемінде бір маманның және негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, даярлау бейіні бойынша жоғары дәрігерлік санаты бар, ғылыми-педагогикалық өтілі 3 жылдан кем емес, клиникалық жұмысы 5 жылдан кем емес болуы шарт.

Шешім: 2023-2024 оқу жылына Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне дайындалған 1-қосымшасы бойынша талаптарға сәйкестігі қанағаттанарлық деп танылсын.

Комиссиясы төрағасы Б.Сарсенов күн тәртібіндегі төртінші мәселе қыркүйек айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау ұсынды.

Комиссия мүшесі Ш. Курбанбеков қыркүйек айында жүргізілген іс шаралар туралы баяндап, олардың нәтижелері қанағаттанарлық деп тануды ұсынды.

Комиссия мүшелері бір айыздан қолдады.

Шешім Факультеттегі қыркүйек айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрағасы:



Б.Сарсенов

Мәжіліс хатшысы:



С.Полатұлы